



Цифровые и интеллектуальные технологии в строительстве

21 мая в Доме дружбы г. Караганды состоялось открытие международной научно-практической конференции «Наука, инновации, техническое регулирование и инжиниринг в строительстве: цифровые и интеллектуальные технологии, состояние и перспективы», приуроченной к 70-летию доктора технических наук, директора КазМИРП Жмагула Смагуловича Нугужина.

Конференция проводится при поддержке:

- Национальной академии наук РК при Президенте РК,
- Министерства науки и высшего образования РК,
- ряда других профильных министерств,
- Национальной палаты предпринимателей РК «Атамекен»,
- Национальной инженерной академии РК,
- Российской академии архитектуры и строительных наук,
- Евразийской СЕЙСМО Ассоциации,
- КарТУ имени Абылкаса Сагинова,
- научно-исследовательского, экспертного и проектно-изыскательского Казахстанского многопрофильного института реконструкции и развития.

Уже по одному перечню министерств и организаций, а также по количеству гостей из промышленных и строительных предприятий (в том числе зарубежных), откликнувшихся на приглашение, можно судить, насколько актуальна предложенная для обсуждения тема. Вместе с тем это — знак огромного уважения к Жмагулу Нугужину — человеку, внесшему значительный вклад в развитие строительной отрасли Казахстана. Достаточно назвать такие знаковые для всех казахстанцев объекты, как монумент «Байтерек», стадион «Астана Арена», торгово-развлекательный центр «Хан Шатыр» и целый ряд других по всей стране, которые воз-

водились при непосредственном участии юбиляра, чтобы оценить его профессионализм, научный и творческий потенциал.

Обратившийся с приветственным словом к юбиляру и участникам конференции аким Карагандинской области Ермагамбет Булекпаев начал своё выступление с напоминания слов Президента РК о том, что конкурентоспособность Казахстана напрямую зависит от сильной науки, современных технологий и подготовки инженерных кадров нового поколения. Аким подчеркнул, что Жмагул Смагулович, которого хорошо знают и уважают в профессиональном сообществе, не только сумел реализовать масштабные проекты, но и воспитал целую школу специалистов, молодых инженеров, исследователей и экспертов, продолжающих его дело.

**Начало.
Продолжение
на 2-й стр.**

БҮГІНГІ НӨМІРДЕ ЧИТАЙТЕ В НОМЕРЕ



Инвестиции в науку
Как работают фонды
целевого капитала

Стр. 5.

**Лучший преподаватель
вуза – 2025!**

Интервью с обладателями
почетного звания

Стр. 6-7.



Увековечили память
Открытие именной аудитории
Рахата Мустафина

Стр. 9.



Дипломы и памятные подарки
Итоги соревнований
юных географов

Стр. 13.



Награды и грамоты!
Чествование преподавателей
Военной кафедры

Стр. 14.



Продолжение.
Начало на 1-й странице.

Сердечно поздравив юбиляра с 70-летием, аким области пожелал, чтобы его богатый опыт и впредь служил развитию отечественной науки и инженерии.

Выступление представителя МНиВО РК

Следом за акимом области выступил заместитель председателя Комитета науки Министерства науки и высшего образования РК Ренат Елшибеков. Он огласил приветственный адрес юбиляру от Министра науки и высшего образования Саясата Нурбека (полный текст адреса публикуется отдельно).



Другие официальные поздравления

Юбиляра также тепло поздравили:

- председатель Правления — ректор КарТУ имени Абылқаса Сагинова Сауле Сагинтаева;
- академик Национальной академии наук РК при Президенте РК, доктор технических наук Бағдат Телтаев (от себя лично и по поручению президента НАН РК академика Ахилбека Куришбаева, а также по поручению президента Национальной инженерной академии РК Бахытжана Жумашулова).

К поздравлениям присоединились:

- председатель Комитета по делам строительства и жилищно-коммунального хозяйства Министерства промышленности и строительства РК Бахытжан Жунисбеков;

Цифровые и интеллектуальные технологии в строительстве

- заместитель председателя Комитета науки МНиВО РК Ренат Елшибеков;
- управляющий директор Департамента строительства и земельных отношений НПП «Атамекен» Даниял Молкенов;
- генеральный директор Евразийской сейсмоассоциации Алексей Колесников.

Награды и признание

Свои признательность и уважение Жмагулу Смагуловичу выступающие выражали не только словами. Ему были вручены:

- Почётная грамота от президента Национальной академии наук РК при Президенте РК Ахилбека Куришбаева;
- поздравительный адрес от президента Национальной инженерной академии РК Бахытжана Жумагулова;
- ведомственные медали от этой академии и Национального комитета по теоретической и прикладной механике;
- медаль Евразийской сейсмоассоциации.

Ключевые доклады конференции

Конференция, как и было обещано, охватила широкий спектр вопросов.

Развитию и цифровизации строительной отрасли был посвящён доклад председателя Комитета по делам строительства и ЖКХ Бахытжана Жунисбекова.

«Государственный градостроительный кадастр — цифровой инструмент управления застройкой территорий» — так звучала тема доклада генерального директора РГП «Госградкадастр», профессора, академика НИА РК Турлыбека Мусабаева.

С интересными докладами выступили:

- **Александр Шахнович** (управляющий директор по развитию и цифровизации АО «КазНИИСА») — «Фундамент трансформации строительного нормирования: тезаурус отрасли и контролируемый язык»;
- **Александр Белостоцкий** (генеральный директор АО НИЦ «СтаДиО», научный руководитель НОЦ компьютерного моделирования зданий и сооруже-

ний им. А. Б. Золотова при НИУ МГСУ, академик РААСН, РФ) — «Комплексное научно-техническое сопровождение уникальных объектов строительства на всех этапах их жизненного цикла — компьютерное моделирование в основе»;

- **Alexander Bykovtsev** (President Regional Academy of Natural Sciences, Port Hueneme, California, USA) — «Concrete shrinkage cracking patterns and stress reconstruction using polygonal fracture theory»;

- **Марат Нургужин** (научный руководитель АО «Национальный центр космических исследований и технологий» Министерства искусственного интеллекта и цифрового развития РК, академик НИА РК) — «О проблеме сверхнормативной эксплуатации строительных металлоконструкций»;

- **Николай Ватин** (директор Научно-технологического комплекса «Цифровой инжиниринг в гражданском строительстве», СПбПУ, РФ) — «Цифровые двойники и нейронные сети в строительной отрасли: новые инструменты не отменяют старых»;

- **Charlie Fu** (профессор из Великобритании) — тема не указана в исходном тексте, но упоминается как участник;

- **Жмагул Нугужин** (директор КазМИРП, профессор КарТУ, академик НИА РК) — «Оценка и регулирование конструкционной надежности зданий и сооружений на основе вероятностных методов».

Это далеко не полный перечень докладов, прозвучавших в первый день конференции.



Все они отличались глубиной содержания и актуальностью.

22 мая в главном корпусе прошли секционные заседания международной конференции. Они были проведены на высоком уровне. По окончании заседаний в конференц-зале КарТУ имени Абылқаса Сагинова были подведены итоги конференции.

Ее участники единодушно отметили, что конференция привлекла к себе широкое внимание как научного сообщества, так и представителей предприятий и организаций, имеющих отношение к строительству. Это было обусловлено и актуальностью тем, вынесенных на обсуждение, и интересным опытом и подходами к решению ряда назревших вопросов.

Всего в рамках проведенной конференции поступило 116 докладов. В том числе, 57 от Республики Казахстан, 59 — из ближнего и дальнего зарубежья. Сборник трудов конференции находится в процессе формирования и подготовки к изданию.

Активным участникам конференции были вручены сертификаты за подписью Председателя Правления — Ректора КарТУ имени Абылқаса Сагинова Сауле Сагинтаевой.



Saginov Technical University мен Силезия Академиясы ынтымақтастық туралы меморандумға қол қойды



18 мамыр күні Әбілқас Сағынов атындағы Қарағанды техникалық университетіне Польша делегациясы арнайы сапармен келді. Делегация құрамында Силезия академиясының ректоры, профессор Александр Остенда, халықаралық ынтымақтастық департаментінің директоры әрі «Менеджмент» кафедрасының меңгерушісі, профессор Юрий Витковский, Silk Education Poland компаниясының негізін қалаушы Амангул Сунгавай және менеджер-көмекші Мейрам Демегенов болды.

Кездесу барысында тараптар өз оқу орындарының таныстырылымдарын ұсынды.

Университет туралы кең ақпаратты стратегиялық даму және интернационалдандыру жөніндегі проректор Тимур Қанапиянов таныстырып, презентацияны мазмұнды бейнероликпен толықтырды.

Ал Силезия академиясы Польшадағы Катовице қаласында орналасқан. Бұл қала тарихи тұрғыдан көмір және металлургия өнеркәсібінің орталығы ретінде танымал болса, бүгінде IT, бизнес және инновациялар хабы ретінде қарқынды дамып келеді. Сонымен қатар, Катовице ЮНЕСКО-ның музыка қалалары тізіміне енген.

Силезия академиясы — техникалық, медициналық, гуманитарлық және шығармашылық бағыттарды қамтитын Польшаның бірегей жекеменшік жоғары оқу орны. Академия құрамында Сәулет және өнер, Медициналық және Әлеуметтік ғылымдар факультеттері жұмыс істейді. Мұнда бакалавриаттан бастап докторантураға дейін мамандар даярланады.

Академия халықаралық ынтымақтастықты белсенді түрде дамытып келеді. Қонақтардың айтуынша, Қазақстанмен серіктестік олар үшін ерекше маңызға ие.

Қазіргі таңда академияда Қазақстаннан, соның ішінде Қарағанды қаласынан келген 35 студент білім алады.



Тараптар ұсынған презентациялар екі оқу орнының арасында ортақ бағыттар мен ұқсастықтардың көп екенін көрсетті.

Силезия академиясы — университетіміз ынтымақтастық орнатқан алғашқы польшалық жоғары оқу орны емес. Дегенмен, бұл серіктестіктің маңызы ерекше. Себебі академияның білім беру бағдарламалары біздің университеттің бағыттарына сәйкес келеді және болашағы зор бірлескен жобаларды жүзеге асыруға мүмкіндік береді.

Кездесу қорытындысы бойынша тараптар ынтымақтастық туралы меморандумға қол қойды.

Saginov Technical University-ге Гуйчжоу коммуникациялар және Политехника университетінің делегациясы келді

15 мамырда Әбілқас Сағынов атындағы ҚарТУ-да Қытай университеттеріне студенттерді грант негізінде оқуға түсіруге көмектесуге маманданған LINCA KZ қазақстандық білім беру компаниясының директоры Тамила Шабленова және Гуйчжоу коммуникациялар және политехника университетінің (Guizhou Communications Polytechnic University) делегациясы болды. Делегация құрамында деканның орынбасары, автомобиль инженериясы мектебінің профессоры Сян Вэй; практикалық оқыту бөлімінің бастығы, доцент Ян Пан; әкімшілік бөлім басшысының орынбасары, оқытушы Чжан Ясян; зияткерлік өндіріс мектебінің оқытушысы Лю И; халықаралық білім беру мектебінің оқытушысы Чэн Лэй болды.

Қонақтарға университет басшылығы мен құрылымдық бөлімше жетекшілері таныстырылды. Басқарма мүшесі — стратегиялық даму және интернационалдандыру жөніндегі проректор Тимур Қанапиянов университеттің өзара тиімді ынтымақтастық пен перспективалық бағыттарды дамытуға әрдайым ашық екенін атап өтті.

Қонақтардың назарына университеттің 73 жылдық тарихы, білім беру, ғылыми, мәдени өмірі және халықаралық байланыстары қамтылған презентация ұсынылды.

Өз кезегінде қытайлық әріптестер де өз университеттері



туралы таныстырылым өткізіп, білім беру жүйесі, құрылымы, орналасуы және мамандар даярлау бағыттары жайлы айтты. Профессор Сян Вэй оқу орнында мамандар даярлау сапасына ерекше мән берілетінін жеткізді.

Гуйчжоу коммуникациялар және политехника универси-

тетінің негізгі бағыты — автомобиль жасау, жол және көпір құрылысы салаларына мамандар даярлау. Бұл бағыттар екі университет арасындағы ынтымақтастықты дамытуға үлкен мүмкіндік береді.

Кездесу барысында академиялық алмасу, кәсіби стандарттар

мен ғылыми технологиялар, жаңа энергетикалық көлік құралдары, қос диплом бағдарламалары және өзге де бірлескен жобалар талқыланды.

Қытайлық оқытушылар студенттерге «Интеллектуалды және қоса тіркелген автомобиль технологиялары», «Көлік құралдарының жаңа түрлерінің технологиялары», «Интеллектуалды өндіріс» тақырыптарында дәрістер оқып, Гуйчжоу университеті туралы ақпаратпен бөлісті.

Қонақтар университет мұражайын, «STU-ENGINEERING» ғылыми-техникалық орталығын және «Көліктегі цифрлық технологиялар» ғылыми-білім беру кешенін аралап көрді.

— Біз сіздердің керемет университеттеріңізбен ынтымақтастық орнатуға қуаныштымыз, — деді профессор Сян Вэй қонақтардың ортақ пікірін білдіре отырып.

Бұл — университетіміз ынтымақтастық орнатқан алғашқы Қытай жоғары оқу орны емес. Өзара тиімді байланыстардың кеңейе түсуі халықаралық серіктестікті одан әрі нығайтып, жаңа бірлескен жобаларға жол ашады.

«Табиғи интеллект бәсекеде басым»



22 мамырда Saginov Technical University-де профессор-оқытушылар құрамы мен студенттердің ҚР Парламенті Мәжілісінің депутаты Екатерина Смышляевамен және «АМАНАТ» партиясы Қарағанды облыстық филиалының төрағасы Бекзат Алтынбековпен кездесуі өтті.

Кездесу барысында цифрлық құқық және қазақстандықтардың зияткерлік меншігін қорғау мәселелері талқыланды.

Атап айтқанда, цифрлық құқық және цифрлық заңнама мәселелеріне маманданған Мәжіліс депутаты кездесуге қатысушыларды цифрлық технологиялардың заманауи тәсілдерімен таныстырды. Ол өзінің және басқа да заң шығарушы әріптестерінің атқарып жатқан жұмыстарына егжей-тегжейлі тоқталды. Бұл — телекоммуникация және деректер орталықтарының цифрлық инфрақұрылымы саласындағы заңнама, дербес деректерді қорғау заңнамасы, жасанды интеллект

саласындағы заңнама, киберқауіпсіздік және авторлық құқық, сондай-ақ осы бағыттардағы заң шығару қызметінің орасан зор қабаттары. Олардың кейбірін қысқаша мазмұндауға да көп уақыт қажет болар еді.

Екатерина Васильевна хабардар еткендей, Қазақстанда цифрландыру бөлігінде көп жұмыстар атқарылып жатыр. Со-



нымен, біз әлемде бірінші болып «Жасанды интеллект туралы» заңды, әлемде екінші болып «Цифрлық кодексті» қабылдадық.

Қазіргі уақытта мемлекеттік басқару парадигмасының фокусы технологиядан құқықтық қатынастарға ауысуда. Цифрлық архитектураның абсолютті басымдығы — адам құқықтарын қорғау болып табылады, ал шағыраңқы жүйелер мемлекеттің бірыңғай платформалық экожүйесіне жол береді.

Қонақтың әңгімесі студенттер мен оқытушылар тарапынан үлкен қызығушылықпен тыңдалды. Көптеген өмірлік жағдайларға негізделген, өз тәжірибесінен алынған мысалдармен расталған әңгіме жылы шыраймен өтті.

Нақты айтылмаған, бірақ ауада тұрған сұраққа — «Соңында кім жеңеді: ЖИ ме, әлде адам ба?» — депутат сенімді түр-

де жауап берді. Сонда жасанды интеллектке ие адам жеңеді. Сенімділік үшін ол: «Табиғи интеллект кез келген жағдайда басым, адам адам болып қала береді және ешқандай жасанды интеллект оны толығымен алмастыра алмайды», — деп атап өтті.

Кездесу соңында Басқарма Төрағасы — Ректор Сауле Сагинтаева қатысушылардың атынан өте қызықты және танымдық әңгіме үшін қонақтарға алғысын білдірді.



16th International Staff Training Week



17–22 мамыр аралығында университетіміздің өкілдері Erasmus+ еуропалық академиялық ұтқырлық бағдарламасы аясында University of Applied Sciences in Nysa ұйымдастырған «16th International Staff Training Week» халықаралық біліктілікті арттыру бағдарламасына қатысу үшін Нысе қаласында (Польша) болды.

Делегация құрамында:

- сәулет-құрылыс факультетінің деканы Д.Тоқанов,
- «Орыс тілі мен мәдениеті» кафедрасының меңгерушісі Ж.Азимбаева,
- осы кафедраның аға оқытушысы А.Кишенова,
- сондай-ақ ҚазКҚДИ инженері А.Тоқанов болды.

Бір апталық бағдарлама барысында олар заманауи білім беру технологияларымен, академиялық ынтымақтастықтың халықаралық тәжірибелерімен және еуропалық жоғары оқу орындарының мамандар даярлау саласындағы тәжірибесімен

танысты. Білім беруді интернационалдандыру, ғылыми-білім беру байланыстарын дамыту және білім беру процесіне инновациялық тәсілдерді енгізу мәселелеріне ерекше назар аударылды.

Сапар аясында сәулет-құрылыс факультетінің деканы Д.Тоқанов Астана қаласының мысалында техникалық жағынан күрделі және бірегей ғимараттар мен құрылыстарды мониторинг саласындағы факультеттің профессор-оқытушылар құрамының тәжірибесіне арналған бірқатар дәрістер оқыды. Өз сөзінде ол құрылыс объектілерін мониторингтің заманауи әдістерін, сондай-ақ еуропалық

стандарттар мен Еурокодтардың талаптарын ескере отырып, олардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету мәселелерін ұсынды.

Erasmus+ бағдарламасына қатысу халықаралық ынтымақтастықты дамытудағы маңызды кезең болды. Әбілқас Сағынов атындағы Қарағанды техника-



лық университеті академиялық байланыстарды нығайтуға және одан әрі бірлескен білім беру және ғылыми бағдарламалар үшін мүмкіндіктерді кеңейтуге ықпал етеді.

Сәулет-құрылыс факультетінің өкілдері Әбілқас Сағынов атындағы Қарағанды техникалық университетінің басшылығына қызметкерлердің кәсіби дамуына және университеттің халықаралық беделін нығайтуға ықпал ететін Erasmus+ халықаралық бағдарламасына қатысуға көрсеткен қолдауы мен мүмкіндігі үшін өздерінің шын жүректен алғысын білдіреді.



Делегация Азербайджанского технического университета



Saginov Technical University посетила делегация Азербайджанского технического университета в составе ректора, профессора Вилята Валиева; директора Института промышленного дизайна и технологий, ассоциированного профессора Манафаддина Намазова и директора Института оборонных технологий и кибербезопасности, PhD Рахида Алакбарли.

Гости и встретившие их председатель Правления — ректор КарТУ имени Абылкаса Сагинова Сауле Сагинтаева, члены Правления — проректора по направлениям, директора отдельных структурных подразделений, деканы и заведующие ряда факультетов и кафедр обменялись теплыми приветствиями. Как известно, ректоры университетов уже встречались месяцем ранее, на состоявшемся в апреле форуме ректоров высших учебных заведений Казахстана и Азербайджана, и даже подписали меморандум о сотрудничестве.

Но в Караганде делегация Азербайджанского технического университета впервые. Поэтому гости с большим интересом ознакомились с презентацией, представленной членом Правления — Проректором по стратегическому развитию

и интернационализации Тимуром Канапьяновым. В ней нашли отражение и характеристике старейшего и крупнейшего индустриального региона страны, которым является Карагандинская область, и достаточно подробные сведения об одном из ведущих технических вузов страны, каким по праву считается наш университет имени Абылкаса Сагинова.

Гости, по их признанию, были достаточно наслышаны о самой Караганде, и о нашем вузе. Однако, благодаря презентации, подкрепленной содержательным видеороликом и последовавшими сразу после встречи целевыми экскурсиями по образовательным комплексам и лабораториям, беседе с учеными, получили более полное представление о регионе и нашем университете.

На них произвели большое впечатление информация о научно-исследовательских работах, доход от которых, по итогам прошлого года, соста-

вил около четверти от общего бюджета вуза; и о наличии у нас шести диссертационных советов; и тесное взаимодействие с промышленными предприятиями региона и страны.

Под этим впечатлением они, не углубляясь в подробности действительно богатой истории своего университета, основное внимание уделили вопросам дальнейшего развития сотрудничества.

— *Концепции двух наших университетов в ос-*

новном совпадают, — отметил ректор, профессор Вилят Валиев. — *И у нас есть все возможности и условия для развития плодотворного сотрудничества.*

Работа в этом направлении уже начата. Но для более успешного ее продолжения, было предложено несколько конкретных направлений деятельности, которые были поддержаны участниками встречи.

Сотрудничество между вузами позволит обеспечить академическую мобильность студентов и преподавателей, начать совместное проведение научных исследований, совместно организовывать международные конференции и семинары, успешно осуществлять другие намеченные сторонами планы.



Международный опыт в области эндаумент-фондов

Ведущий научный сотрудник Департамента науки и инноваций НАО «Карагандинский технический университет имени Абылкаса Сагинова», PhD, ассоциированный профессор Айдын Сапарович Кернебаев прошёл обучение на курсе «Основы эндаументов и фандрайзинга», организованном совместно SDU Extension Center и корпоративным фондом «Аврора — Ала».

По итогам обучения он принял участие в церемонии вручения сертификатов, состоявшейся в SDU University.

Айдын Сапарович так же принял участие в V профессио-

нальной встрече эндаумент-фондов Казахстана, прошедшей на площадке Казахстанской фондовой биржи (KASE). Мероприятие было организовано по инициативе Нацио-



капитал, формируемый выпускниками и партнёрами учебного заведения. В мировой практике такие фонды широко распространены. К примеру, эндаумент-фонд Гарвардского университета является одним из крупнейших в мире: при этом основной капитал сохраняется, а используется только доход от его инвестирования.

На сегодняшний день в университете ведётся работа по регистрации фонда целевого капитала «STU Endowment Fund». Инициатором и будущим координатором деятельности фонда является Айдын Сапарович Кернебаев.

Коллектив университета выражает поддержку данной инициативе и желает коллеге дальнейших успехов в реализации этого важного проекта.



ЖОО-НЫҢ ҮЗДІК ОҚЫТУШЫСЫ — 2025

«ЖЕР ҚОЙНАУЫ ҚЫЗЫҚТЫРДЫ»



Өткен жылы «ЖОО-ның үздік оқытушысы — 2025» конкурсының жнңімпазы атағын алғандардың бірі Тау-кен факультетіндегі «Геология және пайдалы қазба кенорындарын барлау» кафедрасының қауымдастырылған профессоры, PhD Рима Мәдишева. Жуырда осы Рима Мәдишеваға жолыққан едім.

онда қосымша еңбек етемін. Консультация жүргіземін, — дейді Рима Мәдишева. — Ал «бұл мамандықты неге таңдадым» дегенге келетін болсақ, мектепте математика, физика пәндерін жақсы оқыдым және жер қойнауын зерттеу, барлау жұмысы қызығушылық тудырғандықтан, осы факультетті, осы мамандықты таңдадым. Одан кейін өндіріске жұмысқа барғанымда, шынымен де осы мамандықтың өте қызықты екеніне, дұрыс таңдау жасағаным анық көзім жетті де, білімді ары қарай жалғастыру, тағы да тереңдету қажет деп шештім. Сосын өндірісте алған өзімнің тәжірибемді басқа жастармен бөлісу қажет деген ой туындады. Сөйтіп, өзім бітірген оқу орнындағы магистратурада, докторантурада оқуды жалғастырдым.

— Университетте жұмыс істеу қызықты шығар?

— Әрине, қызықты ғана емес, өте қызықты. Себебі, әрдайым дамып отырарсың, оқисың, жазасың, ізденесің. Оған қоса осындағы белгілі ғалымдармен пікірлесіп, сөйлесіп отырамыз. Ағалардың ақылдарын тыңдаймыз. Сондықтан осында келдім ғой.

— Дұрыс. Қандай ғылыми жұмыстарыңыз бар? Солар туралы айтып өтсеңіз.

— Менің жазған ғылыми жұмыстарым бірталай болып қалды. Он бестен аса Scopus, Web of Science базаларында жарияланған мақалаларым бар, Q1-ден Q4-ке дейін. Олардың барлығы осы пайдалы қазбалармен байланысты. Ал толығырақ айтсақ, ол мұнай-газ кен орындарын зерттеумен, мұнайдың пайда болуымен, олардың табиғатын зерттеумен байланысты. Ал ККСОН-да (ҚР ҒЖБМ Ғылым комитеті ұсынған журналдарда) жиырмадан астам жұмыстарым жарық көрді. Екі монографиям, бірнеше оқу әдістемелік құралдарым мен оқулықтарым бар.

— Дұрыс. Енді алдағы жоспарларыңыз қандай қазір кездегі?

— Иә, енді алдағы уақытқа жоспарлар бар ғой. 2024 жылы өзім айтып кеткен қауымдастырылған профессор атағын алдым. Енді қазір профессорлыққа жұмыстар жазып, дайындалып жатырмын. Ол атақты қауымдастырылған профессордан кейін бес жылдан кейін алуға болады. Соның талаптарына сәйкес бес жылда ғылыми жұмыстар жазуымыз керек, сол жұмыстарды жазып жатырмын. Университетке үлкен рақмет, бізге тек өзімнің ғана емес, балаларымның да жағдайын жасап жатыр деп айтуға болады.

Менің екі ұл балам бар, екеуі де мектепте оқиды, 6-шы және 2-ші сыныптарда. Болашақта олар да осы оқу орнына түсіп, осында білім алатын шығар деп ойлаймын. Әке-шешем осы жақта тұрады. Мен өзім әжемнің қолында өскенмін.

— Сіз қызмет атқаратын кафедра қандай жұмыстармен айналысады?

— Біздің кафедра «Геология және пайдалы қазба кен орындарын барлау» деп аталады. Кафедра ғалымдары әртүрлі пайдалы қазбаларды барлау ісімен айналысады және бірнеше ғылыми жобалар жүргізеді. Қазір басым жүргізіліп жатқан ғылыми жобалар — кенді зерттеу, олардың зияндылығын зерттеу және де «техногендік қалдықтар» дейміз ғой, техногендік қоқыстардан пайдалы элементтер (пайдалы заттар) өндіру болып табылады. Осы және басқа да жобалармен байланысты жұмыстар жүргізіліп жатыр. Мен өзімнің де жобаларымды жүзеге асырып жатырмын. Сол жоба бойынша Қызылорда облысындағы, Оңтүстік Торғай бассейніндегі мұнайдың пайда болу көздерін анықтау бойынша бірнеше жұмыс жүргіздік, Ұлттық мемлекеттік ғылыми-техникалық сараптама орталығына көптеген өтінім бердік.



Қазіргі кезде сол комиссияның шешімін күтіп отырмыз. Негізінен бізде бакалавр, магистратура, докторантура — үш деңгейлі білім беру бағытында жұмыс істейміз ғой. Оның ішінде геология және геофизика траекториясы бар.

— Ал енді студенттерге қандай пәннен, сабақ бересіз, яғни дәріс оқисыз?

— Басты пән, мен геофизик болғандықтан, бірінші мамандығым бойынша, «Далалық геофизика әдістері» пәнінен студенттерге дәріс оқимын. Бізде Қарқаралыдағы «Политехник» спорттық-сауықтыру лагері бар. Сол жерде жазда екі апта далалық практикалық сабақ өткіземіз студенттерге. Бізде жақсы приборлар (құрылғылар) бар, университет алып берген біздің өтінішіміз бойынша. Сол приборлармен студенттерге зерттеудің әдістемелерін көрсетеміз, сосын оның нәтижелерін өңдейміз. Былтыр, мысалы, сол жақта Универсиада өткіздік. Ол Универсиадаға барлық университеттерден келді ұстаздар. Сонда ол кісілер өте таңғалды, оларда мұндай практика жоқ екен, тіпті оларда мұндай құрылғылар да жоқ екен — оборудование, аппаратура. Сондықтан біздің кафедраның ол жағынан деңгейі өте жоғары, бірінші орында деп те айтуға болады. Өйткені Сәтбаев университетінен келді, ҚБТУ-дан (КБТУ) келді, ол кісілер біздің приборларға қарап, «көрсетіңізші» деп... Мен сол кезде таңғалдым. Мен ойладым Сәтбаев пен ҚБТУ... Тіпті Назарбаев университетінен келді, ол кісілерде де жаңағы біздің құрылғылар жоқ екен. Соған мен өте марқайып қалдым.

— Әңгімеңізге көп рақмет. Еңбегіңізге жеміс тілеймін. Алға қойған мақсаттарыңыз орындала берсін.

Сүйіндік Жанысбай

Рима оқуын ауыл мектебінен бастап, Қарағандыдағы «Дарын» мектебінде 7-сыныптан 11-сыныпқа дейін оқып, 2003 жылы бітіреді. Оқуды жақсы аяқтаған бойжеткен ол кезде «Қарағанды техникалық университеті» деп аталатын оқу орнына келеді. Өйткені, мектепте өте жақсы оқыған еді. Сондықтан да жер қойнауын барлайтын геолог болуды арман етіп, өзінің алдына жарқын мақсат етіп қояды. Политехтің «Пайдалы қазба кен орындарын іздеу мен барлаудың геофизикалық әдістері» мамандығы бойынша оқуға түсіп, үздік студент атанады. Жақсы оқиды, оқу орнының қоғамдық жұмыстарына да белсене араласады. Осындағы профессор, оқытушы ағаларының алдында тамаша тәлім мен үздік білім алады.

Ол кезде оқу бітірген соң жұмысқа жолдамамен жіберетін тәртіп болатын. Римаға Қызылорда облысындағы Құмкөл кен орнына берілген жолдама бұйырды. Өзінің қалаған мақсатына жетіп, ойындағы арманы орындалған Рима дипломын қолына алған күні жолдама берілген жерге тау-кен инженері-геофизик мамандығы бойынша өндірісте жұмыс істеуге аттанып кетті. Бұл 2008 жыл болатын.

Қызылорда облысындағы Құмкөл кен орындағы жұмысы жалғасып жатты. Іхденгіш жас тек еңбек етіп қана жүре бермей, ғылыммен де айналысу қажет екенін түсініп, 2014 жылы осы Қарағанды техникалық университетіне келіп, өзінің мамандығы бойынша магистратураға түсіп, оны 2016 жылы бітіріп шығады. Бір жыл тағы да қызмет атқарып келіп, келесі жылы білімін одан әрі жалғастырып, докторантураға түседі.

— *Өндірісте 2020 жылға дейін істедім, бас геологқа дейін көтерілдім. Қазір де істеймін,*

ЛУЧШИЙ ПРЕПОДАВАТЕЛЬ ВУЗА — 2025



«Научить думать, самостоятельно принимать решения»

Цикл публикаций о лучших преподавателях вуза 2025 г. продолжает интервью с нашим следующим героем — к. т. н., профессором кафедры «Строительных материалов и технологий» Муратом Аманжоловичем Рахимовым.

- Выпускник Инженерно-строительного факультета Карагандинского политехнического института (1992 г.), ныне КарТУ имени Абылкаса Сагинова. С 1992 по 1996 год — ассистент кафедры «Технологии строительных материалов и изделий» (ТСМиИ); с 1996 года — старший преподаватель этой же кафедры. С 2001 по 2004 годы — заместитель декана факультета с сокращенным сроком обучения; с 2004 года — заведующий кафедрой ТСМиИ.
- В январе 2001 года защитил кандидатскую диссертацию на тему «Технология и свойства вибропрессованных элементов мощения на основе модифицированного мелкозернистого бетона». Область его научной деятельности — технология модифицированных бетонных изделий. Опубликовано более 80 научных трудов, в том числе, 4 монографии, 6 учебников.
- В разгар стройотрядовского движения в стране, был руководителем студенческих строительных отрядов вуза.
- За достижения в учебно-воспитательной, научно-методической и научно-исследовательской работе в 2008 году награжден Почетной грамотой акима Октябрьского, ныне района Алихана Бокейханова, г. Караганды; юбилейной медалью «100 лет академике А. С. Сагинову». Является «Заслуженным работником Карагандинского технического университета имени Абылкаса Сагинова», обладателем почетного диплома «Фылым үздігі» Министрства науки и высшего образования РК.

— Профессия преподавателя — осознанный выбор или дело случая?

— Вернее будет сказать — результат стечения обстоятельств. Окончил я вуз в 1992 году. Что это было за время — хорошо помнят мои современники. Закрывались предприятия, люди в поисках работы занимались кто во что горазд. Предприятие, на которое я собирался

устроиться, тоже переживало не лучшие времена. Декан факультета Сундык Баттакович Баттаков предложил остаться в вузе.

— Да, — честно предупредил он, — зарплата будет небольшая, зато без обычных в ту пору задержек. А там будет видно...

Проработал мастером производственного обучения, потом ассистентом, а с 1996 года — занимаюсь преподавательской деятельностью и наукой.

— Что Вам больше всего нравится в Вашем деле?

— Наверное, сам процесс обучения. Мне интересно из вчерашних школьников готовить полноценных специалистов. Задача состоит не в том, чтобы просто напичкать их знаниями, а научить думать, самостоятельно принимать решения. А потом радоваться их успехам, когда они, начав работать, оправдывают возложенные на них надежды. Мне кажется, каждый из нас, преподавателей, испытывает при этом чувство огромного удовлетворения.

— Что, на Ваш взгляд, важнее в науке — гениальность или усидчивость?

— Гениальных людей мало. Поэтому усидчивость, как я ее понимаю, является одним из главных условий достижения поставленных целей. К сожалению, нынешней молодежи недостает усидчивости. Ведь сегодня наша задача состоит в том, чтобы задать студентам нужное направление. А дальше уже все зависит от них самих. Их желания, настойчивости и упорства, которые вбирает в себя понятие усидчивости.

— Значит ли это, что нынешние студенты хуже тех, с кем Вы начинали свою преподавательскую деятельность?

— Так сказать было бы неверно. Они не хуже и не лучше тех, что были. Просто сейчас другое время и мы все, включая преподавателей, стали другими. Поме-

нялся сам процесс усвоения информации. Отпала необходимость держать в памяти массу информации. Любые сведения, которые требовалось держать в своей памяти нашему поколению, нынешнее получает нажатием пары кнопок на клавиатуре компьютера. Даже читать что-то в оригинале студенты не хотят, их устраивает краткий пересказ, который предлагают социальные сети.

Безусловно, тут много минусов. Страшно представить, если бы человечество сегодня лишилось интернета. Но, с другой стороны, время диктует свои правила. И в части информатизации старшее поколение уступает молодым. Они быстрее все схватывают, соображают, используют. Взять те же видеопрезентации, получившие повсеместно широкое распространение. Они позволяют получать информацию, которая стоит сразу нескольких прочитанных лекций.

То же касается и усиление внимания к прохождению студентами производственных практик по будущим специальностям. Пока не все тут так гладко, как хотелось бы, но надеемся, тесное сотрудничество с производственными предприятиями, позволит повысить эффективность работы в этом направлении.

— Если бы Вы не стали преподавателем, кем бы хотели быть?

— Работал бы по полученной специальности. Тем более, что сегодня она стала очень востребованной. Да и нравилась мне изначально. Просто жизнь заставила поменять свои планы...

— Какой бы совет дали тем, кто выбирает профессию?

— Учитывать востребованность профессии. Конечно, хорошо, когда выбираешь профессию по душе. Но сегодня приходится думать о том, не будет ли проблем с трудоустройством по окончании вуза? На какую зарплату сможешь рассчитывать?



И думать об этом надо задолго до окончания школы.

— Какие черты характера Вы уважаете в людях?

— Честность, открытость, принципиальность, умение отвечать за свои слова.

— Ваш идеал в литературе и жизни?

— В литературе сказать о своем идеале — затрудняюсь. Слишком большой выбор. А по жизни — могу назвать своего учителя, Соловьева Владимира Ивановича, профессора, доктора технических наук. Он еще продолжает руководить одной из фирм по сертификации. Именно он учил меня общению с людьми, отношению к жизни, не ограничиваясь профессиональными знаниями. Теперь мы коллеги и друзья. Дружим семьями, благо и жена моя, Галия Мухамедиева, в студенчестве, училась со мной в одной группе.

— Ваша любимая историческая эпоха?

— Пожалуй, наше время. Ну да, были свои трудности, невзгоды. Но в какое время их не было? Зато живем в очень интересную эпоху. Все меняется буквально на глазах. Я же помню период, когда на весь факультет был один компьютер. А сегодня? Без компьютеров как без рук. Вообще, жизнь, как говорится, бьет ключом. Сам город стал другим и люди.

— Есть ли у Вас хобби?

— Хобби у меня нет. Если не считать прогулки по городу. Люблю гулять по своему проспекту Нуркена Абдирова. Причем, в любое время года и в любую погоду.

— Считаете ли себя счастливым человеком?

— Да, я счастливый человек. Все как будто сложилось в жизни. И с работой, и с семьей. Вырастили двоих детей — сына, Асхата, и дочь, Асемгуль. Растут два внука. Ну что еще нужно человеку для счастья?

Беседовал Валерий Ким

Суды үнемде — болашақты сақта!



Эко-сағаттың ашылуында сөз сөйлеген Басқарма төрағасы — ректор Сауле Сагнтаева қатысушыларға ризашылығын білдіріп, бүгінгі күні жаһандық деңгейде экологиялық мәселелердің маңызы артып келе жатқанын, соның ішінде су ресурстарын тиімді пайдалану мәселесі ерекше өзектілікке ие екенін атап өтті. Жақында өткен Орталық Азия елдерінің көшбасшылары, сарапшылар мен БҰҰ өкілдері қатысқан өңірлік экологиялық саммитте Мемлекет басшысы судың адамзат тіршілігінің негізі екенін ерекше атап өткенін жеткізді.

Бүгінгі студенттер — болашақ инженерлер, технологтар, құрылысшылар, IT-мамандар, ертең өндіріс саласына келетінін айта келе, олардың шешімдері су ресурстарын қаншалықты ұқыпты әрі тиімді пайдалануға тікелей әсер ететінін атап өтті.

Суды ұтымды пайдалану әрбір адамның жауапкершілігі екеніне, ол өндірістік көлемде болсын, тұрмыстық деңгейде болсын маңызды екеніне облыс әкімінің орынбасары Руслан Кенжебеков ерекше тоқталды.

Ал ҚР Су ресурстары және ирригация вице-министрі Аслан Абдраимов өз баяндамасында еліміздегі су ресурстарын пайдалану мәселелері мен

оларды шешу жолдарын жан-жақты әрі нақты деректермен таныстырды. Өнеркәсіп орындары, фермерлік шаруашылықтар және жеке тұтынушылар тарапынан суды пайдалану көрсеткіштері, сондай-ақ су ресурстарын тиімсіз пайдаланудың алдын алу және қысқарту мүмкіндіктері туралы мәліметтерді ұсынды. Ол су ресурстарының қазіргі жағдайына тұтас шолу жасап, оны жақсарту бағытында атқарылып жатқан жұмыстар туралы баяндады.

— *Әрқайсымыз суды үнемдеудің маңызын түсініп қана қоймай, оны саналы түрде жүзеге асыруымыз қажет*, — деді ол.

Ақылды шешімдер мен ұтымды тәсілдерді қолдану арқылы жылына 260 млн. текше метрге дейін суды үнемдеуге болатыны атап өтілді. Бұл бағытта су ресурстарын басқаруды дамыту тұжырымдамасы, су саласын кешенді дамыту жоспары және Су кодексі аясында жүйелі жұмыстар жүргізілуде. Студенттер осы құжаттармен де танысты.

Сөз соңында Аслан Абдраимов барша қатысушыларды Қазақстанда кеңінен өрістеп жатқан су ресурстарын қалпына келтіру және суды ұтымды пайдалану қозғалысына белсенді қатысуға шақырды.

Әбілқас Сағынов атындағы Қарағанды техникалық университетінде «Адал азамат» бағдарламасы аясында «Суды үнемде — болашақты сақта!» атты эко-сағат өтті. Іс-шараға Қарағанды қаласындағы жоғары оқу орындары мен колледждердің 700-ге жуық студенті (офлайн және онлайн форматта), сондай-ақ ҚР Су ресурстары және ирригация вице-министрі Аслан Абдраимов пен агроөнеркәсіптік кешен, ветеринария және табиғат пайдалану мәселелері жөніндегі орынбасары Руслан Кенжебеков қатысты. Кездесудің модераторы университеттің Басқарма мүшесі — әлеуметтік-тәрбие ісі жөніндегі проректор Абай Калыков болды.

Әбілқас Сағынов атындағы Қарағанды техникалық университетінің студенттері де бұл маңызды іске белсенді атсалысуда. Эко-сағат басталар алдында қонақтар студент жастардың су ресурстарын тиімді пайдалануға бағытталған үздік инновациялық жобаларымен танысты. Солардың бірі — машина жасау және металлургия факультетінің 2-курс студенті Тамерлан Сериков ұсынған қалдықтардан таза су алу жобасы.

Іс-шараның қорытынды бөлігінде вице-министр студенттердің сұрақтарына жауап берді.

Эко-сағат соңында ҚР Су ресурстары және ирригация министрі Нуржан Нуржигитов қол қойған алғыс хаттар су ресурстарын тиімді пайдалану және әлеуметтік-волонтерлік бастамаларға белсенді қатысқан үздік студенттер мен оқытушыларға табысталды. Марапатталғандар қатарында Басқарма Төрағасы — Ректор Сауле Сагнтаева, Басқарма мүшесі — Әлеуметтік-тәрбие ісі жөніндегі проректор Абай Калыков, Басқарма мүшесі — Ғылым және инновация жөніндегі проректор А.Мехтиев, профессор А.Қадыров, доцент Д.Ожигин, аға оқытушы О.Алдошина және студентіміз Тамерлан Сериков бар.





— Для кафедры «Геология и разведка месторождений полезных ископаемых» открытие именной аудитории — это не просто обновление учебного пространства, а знак глубокого уважения и памяти человеку, который внес большой вклад в развитие геологической отрасли, — отметила во вступительном слове заведующая кафедрой Фариды Исатаева.



Высокую оценку деятельности Рахата Кузембаевича дал в своем выступлении член Правления — проректор по академическим вопросам КарТУ имени Абылкаса Сагинова Бекболат Нусипбеков. Он подчеркнул весомый вклад Рахата Мустафина в развитие геологической отрасли, а также внимательное отношение партнеров-геологов к подготовке высококвалифицированных специалистов, что проявляется



Именная аудитория Рахата Мустафина

26 мая в Saginov Technical University состоялось торжественное открытие именной аудитории в честь Рахата Кузембаевича Мустафина — руководителя и основателя ТОО «Азимут Геология», партнера университета и человека, внесшего значительный вклад в развитие геолого-геофизической отрасли и подготовку молодых специалистов.

в тесном сотрудничестве с университетом — от организации производственных практик до трудоустройства выпускников.

Теплыми воспоминаниями о жизни и деятельности Рахата Кузембаевича поделились генеральный директор ТОО «Азимут Геология» Мухамедкали Адамбеков, руководитель Центрально-Казахстанского межрегионального департамента геологии и недоропользования «ЦентрКазНедра» Нурлан Маукулов, вдова Рахата Мустафина Куляй Марабовна, его дочь и старший брат.

Воспоминания были дополнены видеофильмом, посвященным Рахату Мустафину — человеку, оставившему яркий след в сердцах всех, кто его знал.

Под дружные аплодисменты участников торжества Куляй Марабовна и Бекболат Рахматович сняли белое покрывало с памятной доски. Отныне аудитория №104 во втором корпусе университета будет носить имя Рахата Мустафина.

Декан факультета Нурбек Жолмагамбетов поблагодарил руководство ТОО «Азимут Геология» и родных Рахата Мустафина за помощь в ремонте и открытии именной аудитории.



Капитальный ремонт и современное оснащение аудитории обошлись в 10 млн. тенге. Кроме того, учреждена именная стипендия имени Рахата Мустафина для студентов бакалавриата.



Ә. Сағынов атындағы Қарағанды техникалық университетінің студенті беделді шәкіртақы иегері атанды!

Әбілқас Сағынов атындағы Қарағанды техникалық университетінің 3-курс студенті Қазақстандағы ең беделді академиялық қолдаулардың бірі — көрнекті ғалым, геолог Шахмардан Есенов атындағы шәкіртақы бағдарламасының жеңімпаздары қатарына енді.

Аталған бағдарлама Shakhmardan Yessenov Foundation тарапынан 2013 жылдан бері ұйымдастырылып келеді. Қордың негізгі миссиясы — Қазақстанның зияткерлік әлеуетін дамыту, жас зерттеушілер мен инженерлік бағыттағы студенттерді қолдау және ғылымға қызығушылықты арттыру.

Биылғы байқау аясында қор құрылтайшысы Ғалымжан Есенов еліміздің 30-дан астам жоғары оқу орнынан іріктелген 20 үздік студентке шәкіртақы тағайындады. Жеңімпаздар бір жыл бойы ай сайын 70 000 теңге көлемінде қаржылай қолдауға ие болады.

Үздіктер қатарында университеттің Маркшейдерлік іс және геодезия кафедрасының «Цифрлық аэрофототүсірілім» мамандығы, ЦАФ-23-1 тобының студенті Хайбышев Дарын да бар.

Ол республика бойынша үздік студенттердің қатарына еніп, өз білімін, біліктілігін және ғылыми әлеуетін дәлелдеді.

Шәкіртақы бағдарламасы техникалық, жаратылыстану, IT және медициналық бағыттарда оқитын студенттерге арналған және жастардың ғылыми дамуына жол ашатын маңызды бастамалардың бірі болып саналады.

Бұл жетістік — университет студенттерінің жоғары деңгейдегі білім мен бәсекеге қабілеттілігін айқын көрсететін маңызды нәтиже.

МИР, ДРУЖБА И СПЛОЧЁННОСТЬ МНОГОНАЦИОНАЛЬНОГО ОБЩЕСТВА



«Бір ел — бір тағдыр»

Жақында Әбілқас Сағынов атындағы Қарағанды техникалық университеті, Қазақ тілі және мәдениеті кафедрасында кафедра меңгерушісі ф. ғ. к., профессор Қ. С. Қалыбекованың басшылығымен 1-мамыр Қазақстан халқының бірлігі күніне арналған «Бір ел — бір тағдыр» тақырыбында әдеби-танымдық сабақ өтті.

Іс-шараның мақсаты: Қазақстан Республикасының әлемде ең алғашқы мемлекеттердің бірі болып, сырттан келген басқа ұлт өкілдеріне алтын бесік болғандығын студенттерге ұғындыру. Студенттерді отансүйгіштікке, адамгершілікке, отанына, халқына адал қызмет етуге, елінің туын, елтаңбасын, әнұранын қас-терлеп, құрметтеуге, халқының тегін, тарихын білуге тәрбиелеу. Қазақстанды мекендейтін түрлі ұлт өкілдерінің мәдениетімен, ән-жырымен, әдет-ғұрпымен танысу және басқа ұлт өкілдерінің мәдениеті мен салт-дәстүрін сыйлауға үйрету.

Іс-шараға BT-25-2с, APX-25-1с, СБ-25-2, DS-25-2, СТСС-25-2, АиУ-25-2, ЭП-25-2, СМ-25-2 топтарының студенттері қатысты.

1 мамыр — Қазақстан халқының бірлігі күні ретінде тойланатын маңызды мемлекеттік мерекелердің бірі, ол ұлттар арасындағы татулықты, достық пен ынтымақты дәріптейді. 1995 жылғы 18 қазандағы Президент Жарлығымен бекітіліп, алғаш рет 1996 жылдан бастап тойлана бастады. Мерекені тойлаудың негізгі мақсаты: елімізде тұратын 130-дан астам ұлт пен ұлыс өкілдерінің арасындағы достықты, ынтымақты және ұлтаралық татулықты нығайту. Ал ерекшелігі, бұрын бұл күн «Еңбекшілердің халықаралық ынтымақтастығы күні» ретінде тойланса, тәуелсіздік алғаннан кейін ол халықтар бірлігінің символына айналды. Қазір елімізде бірнеше ұлттар мен ұлыстар мекендейді. Тарих көшінің белгілі бір кезеңінде тағдыр тауқыметін арқалап, солақай саясаттың құрбанына айналып, елімізге келіп қоныстанған ұлттар мен ұлыстар үшін қазақ жері киелі алтын бесікке айналды.

Мерекеге арналған іс-шара студенттердің Қазақстан Республикасының Әнұранын шырқауымен басталды. Студенттер «Қазақстан — біздің ортақ шаңырағымыз» тақырыбындағы бейнематериалмен танысты. Бұл материалда Қазақстанға өзге ұлт өкілдерінің келуі бірнеше тарихи кезеңдерге байланысты екені ту-

ралы баяндалды. Осы қиын кезеңдерде қазақ халқының қонақжайлылығы мен көмегі көптеген ұлт өкілдерінің аман қалуына және елге сіңіп кетуіне негіз болғаны туралы айтылып өтті.

Әдеби-танымдық сабаққа қатысып отырған студенттер өз аты-жөндерін, ұлттарын таныстырып өткен соң, іс-шара барысында өздері дайындаған жыр шумақтарын айтып, өз ұлттарының тарихы мен өмірі туралы презентацияларымен бөлісті.

СБ-25-2 тобының студенті Шульц Влад — неміс ұлтының өкілі, неміс және белорус тілдерінде жыр шумақтарын оқып берді. Сонымен қатар, Германияның бай тарихын, тілін, діни дәстүрлерін, ұлттық киімдері мен тағамдары туралы айтып өтті. Ғылым мен мәдениеттегі елеулі жетістіктері туралы презентациясын ұсынды.

Келесі кезекте DS-25-2 тобының студенті Аширбаев Алихан — қырғыз ұлтының өкілі, қырғыз тілінде бейбітшілік пен достық туралы жыр жолдарын оқыды. СБ-25-1 тобының студенті Нозимов Рустам татар ұлтының өкілі, татар тілінде татулық туралы жыр жолдарын оқып, татар халқының ұлттық дәстүрлері мен мәдениеті туралы презентациясында халқының әдет-ғұрыптары мен мерекелері жайлы, татар мәдениетінің бүгінгі маңызы және болашағына тоқталды.

СТСС-25-2 тобының студенті Кашталяр Ярослав украин ұлтының өкілі, украин тілінде жыр жолдарын оқып, «Қазақстандағы украин халқы: ортақ тарих пен мәдениет» презентациясында украин халқының мәдениеті, тілі, этно-мәдени орталықтары мен мерекелері арқылы күнделікті өмір тынысымен таныстырды. Презентация соңында украин тіліне қатысты суретті жұмбақ ойын жасырды. Студенттер жұмбақтардың жауабын ақылдаса отырып шешті.

АиУ-25-2 тобының студенті Диас Оразбаев — қазақ ұлтының өкілі болса да, өзбек тілінде бейбітшілік туралы жыр жолдарын оқыды.

ЭП-25-2 тобының студенті, армян ұлтының өкілі — Мачкалян Лаура армян тілінде халқының тілі, тұрмысы туралы жыр жолдарын оқып, жыр шумақтарының мағынасын қазақ тілінде айтып берді.

СМ-25-2 тобының магистранты Юн Максим — кәріс ұлтының өкілі, өзінің «Корея» тақырыбындағы презентациясында тарихи отаны Оңтүстік Кореяның жер көлемі, орналасқан жері, халқының саны, ұлттық киімдері мен ұлттық тағамдары және өз халқының салт-дәстүрімен таныстырды. Гитара аспабында өз ұлтының әсем әуенін ойнап, тыңдаушылардың ықыласына бөленді.

Әдеби-танымдық сабақты Арх-25-1с тобының студенттері жалғастырып кетті.

Цыганкова Олеся — орыс ұлтының өкілі, өзінің «Қазақстан архитектурасындағы достық символдары: Бірлік пен бейбітшілік монументтері» презентациясында Қазақстан архитектурасындағы достық символдары елдегі конфессияаралық және этносаралық келісімді бейнелейтініне тоқталды. «Бейбітшілік пен келісім сарайы», «Бәйтерек» монументі, «Мәңгілік Ел» салтанатты аркасы, Алматыдағы «Достық үйі», «Қазақ елі» монументі, «Атамекен» этно мемориалдық кешені туралы жан-жақты таныстырды. Қазақстан архитектурасы — бұл бейбітшілік пен келісімнің ашық кітабы, әрбір монумент пен ғимарат болашақ ұрпаққа бірліктің маңыздылығын паш етеді, — деп қорытындылады.

Осы топтың студенті Мукушева Маяна қазақ халқының ұлы ақыны Абайдың «Өлең — сөздің патшасы, сөз — сарасы» поэзия жайындағы өлеңін жатқа оқыды. Тлеубердинова Назым да Абай шығармашылығынан ақынның «Күз» өлеңін жатқа оқып берді. Хамитжанова Дилияра да халықтар достығына арналған жыр шумақтарын оқып берді.

Келесі кезекте Арх-25-1 тобының студенттері әзірлеген «Бір ел — бір тағдыр» тақыры-



бындағы викториналық танымдық сұрақтар қойылды. Қазақстан Республикасының рәміздері, ұлттық мерекелер, достық пен бірлік туралы мақал-мәтелдер және архитектуралық ескерткіштер туралы қойылған сұрақтарға студенттер қызығушылық танытып, өз білімдерін жан-жақты көрсетті.

Студенттер топ-топқа бөлініп, «1 мамыр — Қазақстан халқының бірлігі күні» тақырыбына сурет салды. Салынған суреттерде еліміздің ашық аспаны, кең жазира даласы, заңғар таулары, киіз үйі, көк байрағы, бейбітшілік құсы — көгершін, танымал зәулім ғимараттары көрініс тапты. Студенттер өздері салған суреттерінің мазмұнын ашып, тарқатып түсіндіріп берді.

Кафедра профессоры Қ. М. Хамзина салынған суреттердің мағынасына тоқталды, іс-шараны қорытындылай келе, халықтар достығы — бейбіт өмірдің іргестасы екенін, мұнда құрмет пен өзара көмек шекарадан да маңызды екенін атап өтті, сондай-ақ, студенттердің оқуына сәттілік тіледі.

Байлықтың ең үлкені — халықтар достығы, — дей отырып, «Бір ел — бір тағдыр» тақырыбындағы іс-шара өз мәресіне жетіп, Е.Хасанғалиевтің «Атамекен» әнін қатысушылардың барлығы бірге шырқады. Сабақ соңында оқытушылар мен студенттер бір-біріне деген ізгі ниеттерін «достық», «татулық», «денсаулық», «бірлік», «бақыт», «мейірімділік», «махаббат» сияқты бір сөзбен білдіріп, елімізде ашық аспан мен бейбіт өмір болсын деген тілектерін жеткізді.

Әдеби-танымдық сабақты жүргізуші Арх-25-1 тобының студенті Софина Жәмила сабақты түйіндеп өтті. Ұлтаралық татулық арқасында бүгінде ел тыныш, жұрт аман. Осы берекеміз бұзылмағай, Қазақстанда тұратын барша ұлт арасындағы айнымас достыққа сызат түспесе екен дейміз.

Қазақ тілі және мәдениеті кафедрасының оқытушылары: Байпелова Г.С., Нығметова Н.Т.

Май, объединяющий поколения: единство, память и профессиональный выбор молодёжи

Кафедра русского языка и культуры Карагандинского технического университета имени Абылкаса Сагинова провела комплекс масштабных майских мероприятий, объединивших студентов разных городов и регионов страны. Их главной целью стало формирование гражданской идентичности, укрепление патриотического сознания молодёжи, углубление знаний об истории Великой Отечественной войны, а также развитие исследовательской культуры студентов в условиях цифровизации современного общества.

Сила единства — в согласии и взаимном уважении

В преддверии Дня единства народа Казахстана состоялся Республиканский конкурс эссе «День народного согласия: сила в единстве». Организаторами выступили преподаватели кафедры русского языка и культуры — С. М. Тажибаева, А. Б. Кабанова, А. В. Тен, Д. Б. Тлеумбетова.

Конкурс был направлен на осмысление ценностей общественного согласия, межкультурного диалога и гражданской ответственности молодёжи. Его проведение стало важным вкладом в формирование активной гражданской позиции студентов, уважения к культурному многообразию страны и понимания значимости мира и стабильности в современном обществе.

География участников охватила Караганду, Астану, Алматы, Шымкент и другие города Казахстана. В конкурсе приняли участие студенты ведущих вузов страны — КарТУ имени Абылкаса Сагинова, КазНУ имени аль-Фараби, КБТУ, КазАТИУ имени С. Сейфуллина, КазНИТУ имени К. И. Сатпаева, Maqsut Narikbayev University, университета Нархоз, МГИМО (филиал в Астане), а также ряда региональных университетов, медицинских, экономических и технологических вузов и колледжей.

Работы были представлены в трёх номинациях:

- «Казахстан в контексте межэтнического согласия и взаимного уважения»;
- «Дружба народов как фундамент духовного единства общества»;
- «Роль единства в обеспечении мира и социальной стабильности».

Участники продемонстрировали высокий уровень аналитического мышления, аргументированность суждений и глубокое понимание общественно значимых процессов. В своих эссе студенты размышляли о роли Ассамблеи народа Казахстана, историческом опыте мирного сосуществования различ-

ных этносов, стратегическом значении культурного многообразия для устойчивого развития страны, ответственности молодёжи за будущее государства.

По итогам экспертной оценки определены победители и призёры во всех номинациях. Конкурс подтвердил: для современной молодёжи ценности мира, согласия и взаимного уважения остаются прочным фундаментом гражданской зрелости и национального единства.

«Победа в сердце каждого»: память, объединяющая поколения

Особое место в череде майских мероприятий заняла региональная онлайн-викторина «Победа в сердце каждого», посвящённая Дню Победы. 9 мая — символ мужества, героизма и несгибаемой силы народа. Этот день объединяет поколения, напоминая о подвиге фронтовиков, самоотверженном труде тыла и высокой цене Великой Победы.

Целью викторины стало углубление знаний обучающихся об истории Великой Отечественной войны, осмысление её значения в мировой истории и формирование ответственного отношения к сохранению исторической памяти.

В интеллектуальном состязании приняли участие 238 студентов вузов и колледжей Караганды и Карагандинской области, представляющих семь образовательных организаций региона. Рабочими языками стали казахский и русский, что обеспечило равные условия для всех участников. Викторина проводилась на цифровой платформе Online Test Pad.

Задания охватывали ключевые события войны, важнейшие исторические факты и подвиги героев-казахстанцев. Участники продемонстрировали высокий уровень подготовки и искреннюю заинтересованность в изучении истории своей страны.

Победителями стали студенты КарТУ имени Абылкаса Сагинова, КарНИУ имени Е. А. Букетова, ме-

дицинского и экономического университетов, а также обучающиеся колледжей региона. Координаторами мероприятия выступили преподаватели кафедры: Н. В. Докучаева, Т. В. Тимохина, А. А. Акынжанова, С. А. Иванова.

Проведение викторины стало значимым событием в образовательном пространстве области, объединив молодёжь вокруг ценностей исторической памяти, патриотизма и уважения к поколению Победы.

Профессиональный выбор в эпоху искусственного интеллекта

Завершением майского цикла стал ежегодный конкурс исследовательских работ студентов первого курса «Профессиональный выбор молодёжи в эпоху цифровизации и искусственного интеллекта», состоявшийся 4–5 мая 2026 года. Организаторами выступили старшие преподаватели кафедры РЯиК Б. К. Утемуратова и Т. В. Тимохина.

Конкурс стал площадкой для обсуждения актуальных вопросов влияния искусственного интеллекта и цифровых технологий на рынок труда и профессиональное самоопределение молодёжи. Его цель — формирование осознанного профессионального выбора студентов в условиях стремительной цифровой трансформации общества.

В 2026 году на конкурс было представлено 73 исследовательские работы по трём направлениям:

- «Этические аспекты внедрения искусственного интеллекта в профессиональную сферу»;
- «Soft skills и цифровые компетенции будущего инженера»;
- «Искусственный интеллект как фактор трансформации профессий».

Экспертная комиссия отметила высокий уровень подготовки студентов, междисциплинарный характер исследований, самостоятельность анализа и корректность работы с научными источниками. Особое внимание уделялось умению интегрировать цифровые инструменты в исследовательскую

деятельность и аргументированно формулировать выводы.

Тематика работ охватывала вопросы этики ИИ, трансформации рынка труда, появления новых профессий, роли гибких навыков и цифровой грамотности в профессиональном становлении будущего инженера. Конкурс подтвердил устойчивый интерес первокурсников к проблематике цифровизации и готовность молодёжи к осмысленному профессиональному развитию.

Проведение конкурса стало эффективным инструментом интеграции гуманитарной и технической подготовки в образовательном процессе. Подобные мероприятия способствуют развитию исследовательской активности, формированию академической культуры, укреплению междисциплинарных связей и осознанному профессиональному самоопределению студентов.

Конкурсное движение будет и далее расширяться, открывая новые возможности для научного и профессионального роста будущих инженеров в условиях цифровой трансформации общества.

Единство ценностей — основа будущего

Комплекс майских мероприятий кафедры русского языка и культуры продемонстрировал органичное сочетание гражданско-патриотического воспитания и развития исследовательской культуры студентов.

Единство народа, историческая память о Великой Победе и осознанный профессиональный выбор в условиях цифровой трансформации — эти направления неразрывно связаны между собой. Они формируют мировоззрение современного молодого человека, способного бережно хранить прошлое, ответственно действовать в настоящем и уверенно строить будущее.

Проведённые мероприятия подтвердили: современная молодёжь Казахстана осознаёт ценность мира, согласия, научного знания и профессиональной компетентности. А университет остаётся пространством, где формируются не только специалисты, но и граждане, способные внести вклад в устойчивое развитие страны.

Б. К. УТЕМУРАТОВА,
к. п. н., КарТУ имени А. Сагинова

Saginov Technical University өкілдері Жаңаарқа ауданында кәсіптік бағдар беру жұмыстарын жүргізді



Saginov Technical University-дің Маркетинг және кәсіптік бағдар беру жұмысы бөлімі Ұлытау облысы Жаңаарқа ауданындағы мектеп түлектерімен кәсіби бағдар беру кездесулерін өткізді. Іс-шараның мақсаты — оқушыларға болашақ мамандықты дұрыс таңдауға бағыт беру және университеттің білім беру мүмкіндіктерімен таныстыру.

Кәсіптік бағдар беру кездесулері келесі білім беру ұйымдарында өтті:

- «Еламан Шаханов атындағы тірек мектебі (ресурстық орталық)» КММ;
- «Сәкен Сейфуллин атындағы жалпы білім беретін мектебі» КММ;

- «Оразалы Жұмабеков атындағы тірек мектебі (ресурстық орталық)» КММ;
- «Бименде Амалбеков атындағы тірек мектебі (ресурстық орталық)» КММ;
- «Ақселеу Сейдімбек атындағы жалпы білім беретін мектебі» КММ;

Кездесу барысында талапкерлер университет пен колледждегі білім беру бағдарламалары, заманауи әрі сұранысқа ие мамандықтар, грант негізінде оқу мүмкіндіктері және 2026 жылғы қабылдау талаптары туралы жан-жақты ақпарат алды. Сонымен қатар оқушыларға ҰБТ бойынша шекті баллдар, оқу үдерісінің ерекшеліктері, студенттік өмір, жатақхана, академиялық ұтқырлық бағдарламалары мен халықаралық білім беру мүмкіндіктері таныстырылды.

Сонымен қатар, техникалық мамандықтардың еңбек нарығындағы сұранысы, өндірістік тәжірибе базалары, серіктес кәсіпорындар және түлектерді жұмысқа орналастыру мүмкіндіктері кеңінен таныстырылды.



- «№1 мектеп-лицей» КММ. Жалпы кездесулерге 167 оқушы қатысты. Ашық форматта өткен кездесулер барысында оқушылар өздерін қызықтырған сұрақтарына жауап алып, мамандық таңдау бойынша қажетті мәліметтермен танысты. Іс-шараға университет тарапынан:

- Маркетинг және кәсіптік бағдар беру жұмысы бөлімінің жетекшісі Жанболат Ибрайбеков;
- «Металлургия және жаңа материалдар» кафедрасының инженері Еркебұлан Нартбай қатысты. Мұндай кездесулер талапкерлердің техникалық бағыттағы мамандықтарға қызығушылығын арттырып, болашақ кәсіби бағдарын айқындауға мүмкіндік береді.

Saginov Technical University Ұлытау облысы мен Балқаш қаласында кәсіптік бағдар беру жұмыстарын жүргізді



11–15 мамыр аралығында Saginov Technical University-дің Маркетинг және кәсіптік бағдар беру жұмысы бөлімі, қабылдау комиссиясы және профессор-оқытушылар құрамы Ұлытау облысының Жезқазған, Сәтбаев қалалары мен Жаңаарқа ауданында, сондай-ақ Балқаш қаласында кәсіптік бағдар беру кездесулерін өткізді.

дар, студенттерге көрсетілетін әлеуметтік қолдау, жатақхана мүмкіндіктері және университет инфрақұрылымы туралы жан-жақты мәлімет берілді.

Сонымен қатар, іссапар аясында Ұлытау облысы мен Балқаш қаласының білім басқармаларымен кездесулер ұйымдастырылып, өңірдегі білім беру ұйымдарымен ынтымақтастықты нығайту және кәсіптік бағдар беру бағытындағы бірлескен жобаларды дамыту мәселелері талқыланды.

Кездесулерге:

- Маркетинг және кәсіптік бағдар беру жұмысы бөлімінің

жетекшісі Жанболат Ибрайбеков;

- Қабылдау комиссиясының жауапты хатшысы Нұрбол Маликов;
- «Келік, логистика және инженерлік экономика факультеті» деканының орынбасары Альмира Оракбаева;
- «Келік техникасы және логистикалық жүйелер» кафедрасының меңгерушісі Нурсұлтан Жаркенов;
- «Металлургия және жаңа материалдар» кафедрасының инженері Еркебұлан Нартбай қатысып, талапкерлердің сұрақтарына жауап беріп, тех-



никалық бағыттағы мамандықтардың болашағы туралы кеңінен ақпарат ұсынды. Кәсіптік бағдар беру кездесулері аясында 1 000-ға жуық мектеп және колледж түлегі қамтылып, қатысушылар техникалық мамандықтар мен университеттің білім беру мүмкіндіктеріне ерекше қызығушылық танытты.

Қазіргі уақытта Saginov Technical University-дің кәсіптік бағдар беру жұмыстары Қазақстан өңірлерінде және халықаралық деңгейде жалғасуда.

Жас географтар сайысы

Оқушылардың білімін тереңдету мен ғылыми-зерттеу дағдыларын дамытуды мақсат еткен жарыс төрт негізгі кезеңді қамтыды:

- Теориялық кезең: пән бойынша іргелі білімді тексеру;
 - Картографиялық кезең: картамен жұмыс істеу шеберлігі;
 - Аналитикалық кезең: географиялық деректерді талдау;
 - Тәжірибелік кезең: алған білімді іс жүзінде қолдану.
- Офлайн форматта өткен тартысты доданың қорытындысы



бойынша ең жоғары нәтиже көрсеткен қатысушылар анықталды.

Олимпиада жеңімпаздары:

Қазақ сыныбы бойынша:

- 1-орын: Нұрқасым Назым Аманбекқызы (Мағжан Жұмабаев атындағы гимназия)
- 2-орын: Фалым Мәлике Асқарқызы (Мағжан Жұмабаев атындағы гимназия)
- 3-орын: Жұмахан Аида Асылханқызы (№6 мектеп)

Орыс сыныбы бойынша:

- 1-орын: Әкімбай Әсел Қайратқызы (Әл-Фараби атындағы мектеп-гимназия)
- 2-орын: Сергиенко Сергей Сергеевич (№3 гимназия КММ)
- 3-орын: Андреев Дмитрий Александрович (Қаныш Сәтпаев атындағы гимназия)

Барлық жүлдегерлер мен белсенді қатысушылар Әбіл-



қас Сағынов атындағы Қарағанды техникалық университетінің арнайы грамоталарымен, дипломдарымен және бағалы сыйлықтарымен марапатталды.

Бұл шара техникалық университеттің мектеп оқушыларымен байланысын нығайтуға және болашақ талапкерлердің кәсіби бағдарын анықтауға бағытталған маңызды қадам болды.



Встреча производственников и студентов



6 мая Центром карьерного роста и трудоустройства КарТУ имени Абылкаса Сагинова была инициирована встреча с представителями АО «Шубарколь комир» — одним из ведущих производителей энергетического угля в Казахстане, входящем в Евразийскую группу (ERG).

Находясь в составе Корпоративного университета, предприятие имеет тесные связи с университетом. Студенты проходят производственную практику в подразделениях предприятия, а многие выпускники успешно трудятся в этом дружном и сплоченном коллективе.

На этот раз со студентами третьих и четвертых курсов встретились эксперт по развитию талантов Сабина Джалмурзаева, эксперт-геолог Берик Культаев, менеджер по тепловодоснабжению Асылхан Кыздарбеков, инженер-технолог Самат Муртазин.

Представители предприятия ознакомили студентов с Евразийской группой (ERG) и работой на предприятии, входящем в ее состав; условиями труда и быта, акцентировав внимание на периоде адаптации практикантов и выпускников в трудовых коллективах. В АО «Шубарколь комир» стало доброй традицией закреплять за новичками наставников, которые берут над ними шефство.

Для рабочих и офисных работников организована бесплатная доставка на работу и с работы. Имеются все возможности для быстрого карьерного роста. И что особенно важно отметить,

в составе коллектива предприятия превалирует молодежь. Кстати, и каждому из встретившихся со студентами специалисту, было чуть более 30 лет. Среди них оказались и выпускники нашего университета.

Студенты получили обстоятельные ответы на все интересующие их вопросы. В завершение встречи гости провели викторину, продемонстрировав свою результативность. Судя по быстрым и точным ответам, студенты внимательно прослушали прозвучавшие выступления. Это позволяет надеяться, что для кого-то из них настоящая встреча может стать поистине судьбоносной.



Инклюзивті білім беру — теория мен тәжірибенің сабақтастығы

Инклюзивті білім беру — зияткерлік, мәдени, этникалық, тілдік немесе басқа да ерекшеліктеріне қарамастан барлық білім алушыларға тең мүмкіндік беретін, олардың жеке қажеттіліктерін ескере отырып ұйымдастырылатын білім беру үдерісі. Мұндай тәсіл әрбір білім алушының сапалы білім алуына, әлеуметтенуіне және өз әлеуетін толық жүзеге асыруына жағдай жасайды. Инклюзивті оқыту тек мектептерде ғана емес, жоғары оқу орындарында да кеңінен енгізіліп, заманауи білім беру жүйесінің ажырамас бөлігіне айналып отыр.

Осы орайда, 2026 жылдың сәуір айында Әбілқас Сағынов атындағы Қарағанды техникалық университетінің оқытушыларына арналған «Инклюзивті оқыту: негіздерден тәжірибеге дейін» тақырыбында біліктілікті арттыру курсы ұйымдастырылды. Аталған курсты Шет тілдері кафедрасы жоғары деңгейде өткізіп, қатысушыларға теория мен практиканы ұштастыра отырып, мазмұнды білім алуға мүмкіндік жасады. Курс барысында тыңдаушылар инклюзивті білім берудің нормативтік-құқықтық негіздерімен танысып, Қазақстандағы арнайы білім беру жүйесінің қалыптасуы мен даму кезеңдерін жан-жақты зерделеді. Курс барысындағы игерілген білім мен шыңдалған дағдылар мамандарға маңызды міндеттерді анағұрлым нәтижелі шешуге жол ашып, өз кезегінде университет қабырғасындағы инклюзивті білім беру қағидаттарының жүйелі әрі табысты жүзеге асуына берік негіз қалайтыны сөзсіз.

Сонымен қатар, инклюзивті білім беру жағдайында арнайы оқытуды ұйымдастырудың ерекшеліктері, инклюзивті топтарда сабақ жоспарын құру және тиімді өткізу жолдары кеңінен қарастырыла келе, ерекше білім беру қажеттіліктері бар білім алушылармен жұмыс істеу барысында педагог пен ата-ананың өзара ынтымақтастығының маңыздылығы да ескерілгені жөн екеніне көз жеткіздік.

Курс қорытындысы бағалау, талдау және ашық пікір алмасу форматында өтті. Қатысушылар курс мазмұнының өзектілігін, тәжірибелік маңызын жоғары бағалап, алған білімдерін кәсіби қызметінде тиімді қолдануға дайын екендіктерін білдірді.

Бүгінгі таңда инклюзивті білім беру саласындағы мұндай курстарға сұраныс артып отырғаны сөзсіз. Себебі бұл бағыт — білім беру жүйесінің сапасын арттырудың, тең мүмкіндіктерді қамтамасыз етудің маңызды тетігі.

Осыған орай, осындай мазмұны терең, тағылымы мол, кәсіби дамуға серпін беретін курстарды тегін ұйымдастыруға мүмкіндік жасаған университет басшылығына зор алғысымызды білдіреміз.

**Қарлығаш ХАМЗИНА,
Әбілқас Сағынов атындағы
Қарағанды техникалық университеті**

Отан қорғаушылар күніне орай әскери кафедра қызметкерлері марапатталды

7 мамыр — Отан қорғаушылар күніне орай Әбілқас Сағынов атындағы Қарағанды техникалық университетінің әскери кафедрасында салтанатты іс-шара өтті.

Іс-шара барысында Басқарма мүшесі — Академиялық мәселелер жөніндегі проректор Нүсіпбеков Бекболат Рақышұлы университет ұжымын мерекемен құттықтап, Отан қорғаушылар күні ел қауіпсіздігі мен бейбіт өмірдің кепілі саналатын маңызды мерекелердің бірі екенін атап өтті.

Салтанатты жиын аясында қызметтік міндеттерін адал атқарып, жоғары кәсібилік танытқан қызметкерлер марапатталды.

Қарағанды қаласы әкімінің грамотасымен марапатталғандар:

- Дарманкулов Мурат Ильтаевич — әскери кафедра бастығы;



- Ахматов Талантбек Казымалиевич — аға оқытушы;
 - Сюзбин Александр Николаевич — оқу бөлімінің бастығы;
 - Алишев Болат Жаманбаевич — аға оқытушы;
 - Касян Николай Иванович — аға оқытушы;
 - Боранбаев Болат Қабыкенович — аға оқытушы;
 - Мухамеджанов Жәнібек Жұмабаевич — аға оқытушы.
- Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігі Әскери білім

және ғылым департаментінің алғыс хатымен марапатталғандар:

- запастағы полковник Дарманкулов Мурат Ильтаевич — әскери кафедра бастығы;
- запастағы полковник Сатылханов Асқар Тұрсынович — әскери кафедра бастығының орынбасары;
- запастағы полковник Батырбеков Есжан Оралбекович — цикл бастығы;

- запастағы полковник Ахматов Талантбек Казымалиевич — цикл бастығы;
- запастағы полковник Истимесов Марат Буромбаевич — цикл бастығы;
- запастағы сержант Белиспаев Данияр Талғатович — әскери кафедра инженері.

Іс-шара соңында әскери кафедраның шығармашылық ұжымы концерттік бағдарлама ұсынып, қатысушыларға көтеріңкі көңіл-күй сыйлады.



Представители АФМ РК — руководитель Административного управления Меруерт Сатыбаева и руководитель Организационно-контрольного управления — штаба Нариман Рамазанович Интыкбаев — обсудили с руководством КарТУ имени Абылкаса Сагинова перспективные направления взаимодействия.

— *Наша главная цель, — подчеркнули представители Агентства, — подготовка высококвалифицированных специалистов, способных эффективно противодействовать экономическим и финансовым правонарушениям.*

В свою очередь, член Правления — Проректор по академическим вопросам Бекболат

Соглашение о сотрудничестве

В КарТУ имени Абылкаса Сагинова состоялось подписание Соглашения о сотрудничестве с Агентством Республики Казахстан по финансовому мониторингу (далее — АФМ РК) в области высшего и дополнительного образования.

Нүсіпбеков отметил, что университет всегда открыт для сотрудничества с предприятиями и государственными структурами. По его словам, партнерство КарТУ имени Абылкаса Сагинова с АФМ РК и взаимная заинтересованность сторон будут способствовать формированию нового поколения профессионалов, способных эффективно отвечать на современные вызовы в сфере финансовой бе-

зопасности и финансовой грамотности.

После подписания Соглашения гости вручили сертификат финалисту Национальной олимпиады по финансовой безопасности среди студентов Александру Лопастинскому (группа СИБ-23-9). В финале олимпиады, в котором приняли участие 40 лучших студентов ведущих вузов страны, он вошел в число победителей по



направлению «Информационная безопасность».

Теперь Александр вместе с десятью другими победителями представит Казахстан на Международной олимпиаде по финансовой безопасности, которая пройдет в сентябре в городе Красноярске (Российская Федерация).

Представители АФМ РК поздравили Александра с высоким достижением и пожелали ему успешного выступления на международном уровне.

Присоединяемся к поздравлениям и желаем Александру дальнейших успехов и заслуженной победы!





ВОЕННАЯ ПРИСЯГА

В преддверии Дня защитника Отечества, 4 мая 2026 года, студенты военной кафедры НАО «Карагандинский технический университет имени Абылкаса Сагинова» приняли Военную присягу. Торжественная церемония стала важным и памятным событием для будущих офицеров запаса, символом их готовности к служению Родине, защите независимости и безопасности Республики Казахстан.

Принятие Военной присяги является одним из самых значимых этапов подготовки студентов военной кафедры. В этот день обучающиеся подтвердили свою преданность Отечеству, уважение к воинскому долгу и ответственность перед народом Казахстана. На мероприятии присутствовали

руководство военной кафедры, преподавательский состав, родители и приглашённые гости.

Во время церемонии прозвучал Государственный гимн Республики Казахстан, а также напутственные слова от начальника военной кафедры, родителей и ветерана Вооружённых Сил. Руководство отме-

тило важность патриотического воспитания молодёжи, сохранения воинских традиций и подготовки квалифицированных специалистов для Вооружённых Сил страны.

Студенты, принявшие присягу, выразили готовность достойно нести звание будущего офицера запаса, соблю-



дать воинскую дисциплину и с честью выполнять обязанности по защите государства. Торжественное мероприятие прошло в атмосфере патриотизма, ответственности и уважения к военной службе.



Теоретические знания в практических реалиях


25 мая на военной кафедре НАО «Карагандинский технический университет имени Абылкаса Сагинова» началась военно-учебная практика студентов. Практика является важным этапом подготовки будущих офицеров и сержантов запаса, в ходе которого обучающиеся закрепят полученные теоретические знания и приобретут практические навыки военной подготовки.

Военно-учебная практика включает занятия по строевой, тактической и огневой подготовке, а также изучение основ военной службы и работы с военной техникой. Студенты смогут приме-

нить полученные знания на практике, повысить уровень дисциплины, ответственности и командного взаимодействия.

По окончании военно-учебной практики студен-

там будет выдан документ об окончании военной кафедры. После завершения обучения в университете выпускникам будут присвоены воинские звания лейтенант запаса и младший сержант запаса.



ИСФ-81 түлектерінен туған университетке тағылымды тарту



Бұл бастама — жай ғана тал егу емес, туған білім ордасына деген құрметтің, өткен күндерге деген сағыныштың және келер ұрпаққа қалдырылған тағылымды мұраның белгісі.

«Атадан мал қалғанша, тал қалсын» деген халық дана-

лығын жүрекке түйген түлектер үшін бұл күн ерекше мәнге ие болды. Студенттік шақтың жарқын естеліктері қалған білім ордасына қайта оралып, оның көркеюіне өз үлестерін қосу — әрқайсысына ерекше әсер сыйлады.

Ұлы Жеңіс күні қарсаңында тағылымды әрі ерекше игі іс жүзеге асты. Азаматтар Аман Аюпов пен Дәуір Қабаевтың бастамасын қолдай отырып, Қарағанды политехникалық институтының ИСФ-81 түлектері өздері білім алған қасиетті оқу ордасының ауласына ағаш отырғызды.

Бүгін отырғызылған әрбір көшет уақыт өте тамырын тереңге жайып, саялы бәйтерекке айналар сөзсіз. Ол ИСФ-81 түлектерінің достығы мен бірлігінің, туған оқу орнына деген ыстық ықыласының символы болып қала бермек.

Ертеңгі ұрпақ осы ағаштардың саясында жүріп, алдыңғы буынның ізгі ісін еске алса — бұл үлкен мақтаныш әрі ортақ қуаныш.

Осындай сауапты іске ұйытқы болып, ұйымдастыруға атсалысқан азаматтарға алғыс білдіреміз. Егілген талдар жайқалып өсіп, мәуелі бәйтерекке айналсын!



STU түлектері мен профессор-оқытушылар құрамы арасында тартысты волейбол турнирі



«ҚазМИРР», «ҚарТУ түлектері», «МУК-ҚЭУ» біріккен командасы — 1-ші топ; «ҚарТУ», «Политех түлегі», «Букетов», «ҚХА» (Әбілқас Сағынов атындағы ҚарТУ) — 2-ші топ командаларының жарысқа қатысушылары Жұмағұл Нұғожиновты, жарыс қонақтары — шетелдік Eun Chul Shin университетінің

Saginov Technical University спорт кешенінде ҚазМИРР директоры, т.ғ.д., профессор Жұмағұл Нұғожиновтың 70 жылдығына арналған халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция қарсаңында профессор-оқытушылар құрамы мен 40 жастан асқан ЖОО түлектері арасында волейболдан ЖОО аралық жарыс өтті. Бұл ретте, жарыс шарттары бойынша команда қатысушыларының бірі 60 жастан асқан болуы тиіс.

профессоры Николай Ватинді, сондай-ақ Қытай этномәдени орталығының жетекшісі Петр Янді; университетіміздің негізін қалаушы Әбілқас Сағыновтың немересі, Асқарды; волейболдан дәстүрлі жарыстардың бастауында тұрған «Тарих» кафедрасының профессоры Құдайберген Темірғалиевті, сәулет-құрылыс факультеті деканының орынбасары Абайдолла Түсіпбековті қарсы алды.

Олар еліміздің құрылыс саласының дамуына елеулі үлес қосқан Жұмағұл Нұғожиновтың мерейтойына орайластырған тамаша жарыстың ашылуымен құттықтап, спортшыларға сәттілік тіледі.

Жарыс ымырасыз тартыспен өтті. Жарыс жеңімпазының ойынның соңғы минуттарында анықталатындығы белгілі. Де-

Жеңімпаздарды құттықтаймыз және оларға жаңа спорттық жетістіктер тілейміз!



генмен, әрқашан мықты команда ғана жеңіске жетеді.

Нәтижесінде «Политех түлектері» командасы бірінші орынды иеленді.

Екінші және үшінші орындарды «ҚарТУ түлектері» және «МУК-ҚЭУ» біріккен командасы бөлісті.

Победа в Париже



Студент архитектурно-строительного факультета КарТУ имени Абылкаса Сагинова Алматай Жігер (группа С-23-1) достойно представил честь страны на международном соревновании, проходившем в Париже (Франция) 25-26 апреля.

По итогам соревнований Жігер занял 1 место в весовой категории до 77 кг, продемонстрировав высокий уровень подготовки, силу воли и стремление к победе. Это уже не первая его победа в престижных соревнованиях.

Поздравляем Жигера с заслуженной победой и желаем дальнейших успехов в учебе и спортивной карьере!

Re: Field Hackathon

Saginov Technical University студенттері Ташкент қаласындағы (Өзбекстан) Central Asian University базасында өткен Arch Summit '26 аясындағы Re: Field Hackathon халықаралық хакатонына қатысты.

Іс-шараға Өзбекстан, Қазақстан, Қырғызстан және Тәжікстаннан келген менторлардың жетекшілігімен 16 команда қатысты.

Re: Field Hackathon — қалалық ортадағы бұрынғы өндірістік (браунфилд) аумақтардың болашағын қайта ойлауға бағытталған университеттік командаларға арналған бірлескен дизайн бастамасы.

Хакатон 8 сағатқа созылды. Қатысушылар қала құрылысы қағидаттарына сәйкес бұрынғы өндірістік аймақтарды реновациялау бойынша жобалық ұсыныстарын ұсынды.

Әбілқас Сағынов атындағы Қарағанды техникалық университетінің командасы құрамында:

- Арх-21-3 тобының студенттері Александр Бидюк, Эрик Дяченко, Амир Касен;
- Арх-22-4 тобының студенттері Алина Бақтыбаева, Ақерке Жұмақәрім;
- Арх-24-4 тобының студенті Роман Ременников.

Команда менторы — «Сәулет және дизайн» кафедрасының аға оқытушысы, ҚР СА мүшесі Оксана Вавилова.

Жобаның негізгі идеясы — Ташкент қаласының сәулеттік



мұрасын сақтай отырып, Өзбекстанның ұлттық қолөнер дәстүрлерін заманауи қалалық кеңістікпен үйлестіру болды.

Команданың жобасын ағылшын тілінде Ақерке Жұмақәрім таныстырды.

Хакатонның екінші кезеңінде қатысушылар арасында «Архитектура» тақырыбы бойынша викториналық ойын ұйымдас-тырылды.

Екі кезеңнің қорытындысы бойынша Saginov Technical University командасы жүлделі 3-орынға ие болды. Марапаттауды әлемге әйгілі дат сәулетшісі Bjarke Ingels табыстады.

Команданы жүлделі орынмен құттықтаймыз! Олар Орталық Азия деңгейінде Қарағандының сәулет мектебі мен Saginov Technical University абыройын лайықты түрде таныстырды.

